

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 2

Қосбөлтек ауылы

16.02.2024ж.

ҚР-ның мемлекеттік рәміздерді насихаттау барысында «Біздің рәміздер» тақырыбында әдіскер С.Жуманалинаның ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізілді. С.Жуманалина өз сөзінде өлең жолдарымен бастай отырып, мемлекеттік рәміздер бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін атрибуттардың бірі. ҚР-да Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады. Мемлекеттік рәміздер халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қахармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер екенін білеміз.

ҚР Конституциясы 9 бабында ҚР-ның мемлекеттік рәміздері-Ту, Елтаңба, Әнұран. Олардың сипаты мен ресми түрде қолданылуы Конституция заңымен белгіленеді. Әрбір ҚР-ның азаматтары мемлекеттік рәміздерді құрметтеуі тиіс. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге баулу, әрине кішкентайынан бойына сіңіре білуіміз қажет. ҚР-ның әрбір рәміздерге тоқталып өтті. Қызметкерлерге сұрақ-жауап жүргізілді. Сұрақтарға жауаптар берілді.

Бүгінгі дөңгелек үстел тақырыбы аясында өз ойларын ортаға салу ұсынылды. Тәрбиеші Л.Султанбекова мемлекеттік рәміздерді құрметтеу бұл елді, тарихты, салт-дәстүрімізді құрметтеу болып табылады. Әрине барлық ҚР-ның әрбір азаматы мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тиіс. Балабақшада тәрбиеленушілерді өз елінің мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге баулу барысында іс-шаралар өткізіліп тұратынын, біздің басты мақсатымыз мемлекеттік рәміздерді құрметтей білуге тәрбиелеу екенін атап өтті.

Хатшы:



Мақсымханова Ф.